

# Ақпаратты іздеу

Алайда, іздеу жүйелері үш бөліктен: робот, индекс және сұранысты өңдеу программасынан тұрады.

**Робот** – бұл web-парақтарды аралап, олардың мазмұнын (толығымен немесе бөліктерге бөліп) оқитын программа.

Роботтар web-парақ мәліметтерін толығымен немесе ішінара оқиды. Web-парақтардың мазмұнын талдауда әртүрлі іздеу жүйесіндегі роботтардың өзіндік принципі бар.

✓ **Индекс** – бұл үлкен мәліметтер мұрағатынан да үлкен. Бұл мұрағатта роботтар қатынасқан барлық web-парақтар туралы ақпараттар және сол парақтардың көшірмелері сақталады. Әрине іздеу жүйесіндегі индекстер көлемі үлкен болуы қажет. Неғұрлым индекс көлемі үлкен болған сайын, соғұрлым қолданушы іздеу барысында толық ақпаратқа қол жеткізе алады.

## **Іздеу әдістері**

Іздеу әдістеріне адрестік, семантикалық, құжаттық және фактографиялық іздеулерді жатқызуға болады.

**Адрес бойынша іздеу** – сұраныстағы көрсетілген таза формалды белгілер бойынша құжаттарды іздеу үдерісі.

**Семантикалық іздеу** – құжаттарды олардың мазмұны бойынша іздеу үдерісі.

**Құжаттық іздеу** – бірінші деңгейлі құжаттардың ақпараттық-іздеу жүйесінің мәліметтер қоймасынан немесе қосымша құжаттардың мәліметтер қорынан қолданушының сұранысына сәйкес іздеу үдерісі.

**Фактографиялық іздеу** – фактілерді ақпараттық сұранысқа сай іздеу үдерісі.

Фактографиялық мәліметтерге құжаттан ажыратылып алынатын және тікелей пайда болу көздерінен алынатын мәліметтер жатады.

Ақпаратты іздеу үшін халық көбіне Интернет пен ақпараттық жүйелерді қолданады.





## Өзіңді тексер!

1. Іздеу жүйесін құрайтын бөліктерді көрсетіндер:
  - A) робот, іздеу, индекс, сұранысты өңдеу программасы
  - B) робот, индекс, сұранысты өңдеу программасы
  - C) робот, индекс
  - D) робот, іздеу, сұранысты өңдеу программасы
2. Роботтар қатынасқан барлық web-парақтардың көшірмелері сақталатын мәліметтерді сақтау мұрағаты – бұл:
  - A) робот
  - B) іздеу
  - C) индекс
  - D) сұранысты өңдеу программасы
3. Метадеректер бойынша іздеу – бұл:
  - A) жүйе қолдайтын құжат белгілері (атрибуттары) бойынша іздеу
  - B) бейненің мазмұны бойынша іздеу
  - C) құжаттың толық мазмұны бойынша іздеу
  - D) мазмұн мен атрибуттар бойынша іздеу
4. Тек формалды ерекшеліктері бойынша, сұраныста көрсетілгендей, іздеу үдерісі, – ол:
  - A) фактографиялық іздеу
  - B) құжаттық іздеу
  - C) семантикалық іздеу
  - D) адрес бойынша іздеу
5. ГАЖ мысалы бола алатын программа:
  - A) Microsoft Excel
  - B) Google Earth ✓
  - C) Mail.kz
  - D) Yandex.kz